

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘӘЖ: 13-053.81 (574)

Қолжазба құқығында

МУСАБЕКОВ МАКСАТ НЕСИПЖАНОВИЧ

**Қазақстан жастарының рухани құндылықтары:
әлеуметтік-философиялық талдау**

6D020100 – Философия

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

**Ғылыми кеңесшілері
философия ғылымдарының
докторы, профессор
А.К.Абишева,**

**философия ғылымдарының
докторы, профессор И.А.Рау
(Германия)**

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2013

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ	5-10
1 ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1 Құндылықтардың мәні, олардың этноәлеуметтік және мәдени -тарихи сипаты.....	11-30
1.2 Жастардың әлеуметтік топ ретіндегі құндылықтық бағдарлары: көріністері мен кезеңдері.....	30-50
1.3 Жаңғыру және жаһандану үрдістерінің жастардың рухани құндылықтарын түрлендіруге әсері	50-65
2 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР КЕЛБЕТІ: ЖАҒАНДЫҚ ЖАҒАРУ БЕТАЛЫСЫ ЖӘНЕ ДӘСТҮРШІЛДІК ҰСТАНЫМДАР	
2.1 Әлемдік өркениетке бетбұрыс жағдайындағы Қазақстан жастарының құндылықтық бағдарлары.....	66-79
2.2 Этникалық бірегейлену үрдісіндегі рухани құндылықтар сабақтастығының заманауи ерекшеліктері	79-103
2.3 Жастардың рухани құндылықтарын дамытудың мәдени үлгілері және қазақстандық моделі.....	103-126
ҚОРЫТЫНДЫ	127-129
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	130-140

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу қазіргі Қазақстан жастарының рухани құндылықтарының қызметі мен өзгеруін әлеуметтік-философиялық тұрғыдан талдауға арналған және аксиологиялық парадигмалардың заманауи үлгісін құрудың жалпы негіздерін байыптайды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Әлемдегі қазіргі мәдени-әлеуметтік және саяси-экономикалық жағдай бір қырынан алғанда қалыпты эволюциялық даму аясында болса, екінші бір қырынан алғанда қоғамдық жүйелер мен заманауи құрылымдардың тез өзгеруіне байланысты шиеленіскендей сипатта өрбіп келеді. Бұндай үрдістер әлемдегі «социалистік лагерь» деп аталатын саяси жүйе құлдырғаннан кейін ХХІ ғасырда мүлде басқаша сипат алды. Жаңа әлемдік тәртіптің мазмұны мен формасы, келбеті мен бағдары әрқилы қайшылықты бағыттар арнасымен келіп қиылысты: әлемді исламның бет пердесін ұс танған терроризм толқыны шарпып өтуі; Америка Құрама Штаттарының кейбір мемлекеттерде демократиялық тәртіп орнату ұстанымының антидемократиялық арнаға қарай ауытқуы және оның соғыстарға жетелеуі; апатқа апарып соқтыру қаупі бар экологиялық дағдарыстардың оңды шешімін таппауы; қаржы дағдарыстарының бірінен кейін бірінің жалғасуы т.б. Ал ыдырыған Кеңес Одағының субъектілері нарыққа бетбұрып, қоғамдағы әлеуметтік қабаттардың стратификациялануын бастан өткізуде, бұдан Қазақстан да тыс қалмақ емес және еліміздегі рухани құндылықтар арнасы бұл қатынастардан оқшау бола алмайды. Бұл – еліміздегі жастардың рухани бағдарларының ауытқымалылығына байланысты, оны ғылыми-теориялық тұрғыдан қайта сараптап, белгілі бір бағдарлар жүйесін анықтап алуды қажет етеді. Ендеше, біз қарастырып отырған тақырып осындай объективті қажеттіліктер шартынан туындайтындығы сөзсіз және мәдени - әлеуметтік тұрғыдан алғанда да көкейкестілігін паш етеді.

Әлемдегі осындай ұрделі -қайшылықты саяси-экономикалық өзгерістер түптеп келгенде, жалпы мәдени-әлеуметтік және рухани-құндылықтық бағдарлардан туындайды немесе оған айтарлықтай өзгерістер енгізеді. Бұл жаһандану заманындағы мемлекетаралық кеңістіктің ашықтығына байланысты елімізге өзіндік жағымды-жағымсыз ықпалын тигізетіндіктен, әсіресе, оның теріс әсерлерінің ұлттық руханияттық аймаққа бойлай енуі, келесі кезекте біз қарастырып отырған мәселенің саяси тұрғыдағы өзектілігін білдіре алады. Бұл қалыптасып келе жатқан жаңа буын Қазақстан жастарының өмірлік құндылықтары мен рухани танымының қалыптасуына оңды өзгерістер мен қатар жағымсыз әдеттерді де қалыптастыруға қарай бет түзейді.

Сондай-ақ идеологиялық және құндылықтық бағдарлардың да бұрыс-терісі күңгірттеулену үстінде. Сапасының қандай болғанына қарамастан бұрынғы идеология қалай болса да, қоғамды тұтастындыру қызметінен айнымаған болатын, қырақ айтар болсақ, оларды құндылықтар біріктірген, құндылықтардың ішінде ұжымдық бастама және салт-дәстүрдің, наным-сенімнің, мәдениеттің этникалық және ұлттық ерекшеліктеріне төзімділік

катынастың бастамалары басым боған. Осыған сәйкес әртүрлі бірегейлену дағдарысы пайда бола бастады: жеке, топтық, кәсіптік (өйткені, жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси түсінікте бұрынғы беделді кәсіптер қажет болмай қалды) және т.б. Бұл үрдістер белсенді және жан дүниесін қалыптастыруға нәзік қатынас жасауды қалайтын жастарға да әсерін тигізбей қоймады. Жастардың санасы өз мемлекеттеріндегі билік тарапынан ғана емес, сыртқы күштердің ықпалынан да тыс бола алмайтындай ахуалдармен кезікті. Кей жағдайда ұлттық мемлекет басқара алмайтын бұқаралық ақпараттың тармақталған құралдары арқылы (әсіресе, ғаламтор) жастар мүлдем жалған құндылықтар мен көзқарастарды сіңіре бастады. Әлемдегі рухани-ақпараттық кеңістіктегі еуропаландыру, америкаландыру, жаһандандыру және еліміздегі исламдандыру, қайта қазақтандыру сияқты жағымды және жағымсыз идеологиялардың қиюласқан «лабиринттерінен» және олардың санаға-бейсанаға ықпал ету өрістерінен жастардың өз мақсаттарын анық ажыратуы да түптеп рухани құндылықтық бағдардың өзіндік бір тұтас жаңа жүйесін ұсынуды қажет етеді.

Жастар – социумның жай ғана бір қатардағы бөлігі емес. Бұл ертеңгі күні қоғамның барлық саласындағы бүгінгі ересектерді алмастыратын, кәсіпорындарға жұмысшы, инженер, мектептерге ұстаз, министрліктер мен ведомстволарға шенеунік, үкіметке мүше болып келетін дайын ресурстар болғандықтан, келешектегі заманның келбетін жасап береді. Ендеше, «олардың пайымдаулары мен дүниетанымы, өмірге және өз міндеттеріне деген көзқарасы, құндылықтары мен игіліктерді түйсіну деңгейі қандай» деген сұрақтарға бейтарап қарауға болмайды. Нақтырақ айтқанда, ұлттық мемлекетіміздің болашағы оларға тікелей байланысты. Сондықтан да мемлекеттің саяси стратегиялық басты мақсаттарының бірі – қазіргі жастардың дұрыс деп табылған дүниетанымын, игілікті рухани құндылықтарын қалыптастыр. Бұл мақсат – «олардың бүгінгі құндылықтары қандай, қазіргі кездегі қалыптасуының, қызмет етуінің және өзгеруінің шарттары мен үрдістері қайда беттеп бара жатыр, сондай-ақ осы бағытта қандай оңды және тиімсіз өзгерістер арнасы қалыптасып келеді» деген сауалдарды мәселе ретінде ұсына отырып, оларды ғылыми тұрғыдан зерделеумен шешімін табады. Бұл тек психологиялық, әлеуметтанулық, саясаттанулық т.б. ілімдер бойынша ғана емес, әлеуметтік философия әдістері арқылы да арнайы зерттеулер жүргізуді қажет етеді. Осындай қоғам дамуының объективті қажеттіліктерінен, еліміздің рухани-танымдық аймағының белестерінен, болашағымыздағы руханияттық деңгей туралы алаңдаулардың сұраныстарынан туындайтын түйткілдер тізбегі біз қарастырып отырған мәселенің талаптарын да күшейте түседі. Сондықтан бұл диссертация теориялық зерттеулермен қатар, аталған мәселелердің шешімін табуға бет түзейтін және өзіндік бір бағамалы нұсқасын ұсынатын тәжірибелік сипатты еңбек.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қазақстандағы жастардың рухани құндылықтары жөнінде елімізде азды-көпті пікірлер жазған ғалымдар өздерінің ойларын заманға байланыстыра сабақтаған болатын. Атап айтқанда,

әлеуметтанулық, философиялық педагогикалық тұрғыдан тікелей және жанамалай түрде: З.С. Айдарбеков, Г.С. Әбдірайымова, С.Е. Нұрмұратов, Ж.Ж. Молдабеков, Р.Б. Әбсаттаров, С. Мырзалы, Т.Ж. Қалдыбаева, Б.М. Сатершинов, А.С. Арсеньев, Б. К. Аяпбергенов, И.Б. Аяпбергенова, З.Бекеш, З.Бердигожина, Ш.Д. Болганбаева, В.Ю. Дунаев т.б. өз идеяларын ұсынған болатын.

Ал өз зерттеулерін жалпы жастар турасында немесе құндылықтық бағдарлар жөнінде елімізде және әлемдік деңгейде байыптағандар: А.И. Вишняк, Л.С. Выготский, А.Н. Данилов, Е.А. Донченко, Л.Ю. Зайниева, И.Ю. Зеленко, С.Н. Иконникова, Б.Е. Каирова, Д.А. Калетаев, М.С. Карабаева, Ю. Качанов, К.Ш. Коккозева, Р.Х. Коккозева, И.С. Кон, Н.В. Лавриненко, Р. Мамедов, М.С. Машан, Н.А. Муканова, Б.М. Мурзалина, К.Г. Мяло, Л.В. Наурызбаева, А.С. Нурабаева, Ж.М. Орынканова, В. А. Полторак, С.Л. Рубинштейн, А. Сайлаубекқызы, П. Сак, Т.М. Сафонова, А. Н. Тесленко, Д.Т. Толгамбаева, М. Топалов, Ж.Т. Тощенко, К.А. Тумабекова, А.Ж. Турханова, В. Чупров, С.И. Шаповал, Р.М. Шарипова, Г.Н. Шойкин т.б.

Бұл зерттеулер өз кезегінде жалпы жастарды саяси-әлеуметтік топ ретінде қарастырып, қоғамдағы орны мен олардың мәдениеті туралы сараптаған және жалпы құндылықтардың заманауи тұрғыдан ауысуын негіздеген, оларға саяси, әлеуметтанулық, мәдениеттанулық, психологиялық, педагогикалық талдаулар жасаған болатын. Бұл зерттеулерде жалпы құндылықтар туралы айтылғанмен, жастардың рухани құндылықтары арнайы ажыратылып нысанаға алынған жоқ және ол іргелі әлеуметтік философиялық тұрғыдан зерделенбеген болатын.

Зерттеу объектісі – Қазіргі Қазақстан жастары мен мәдени-рухани ахуал.

Зерттеудің пәні – Қазіргі Қазақстан жастарының рухани құндылықтарын әлеуметтік-философиялық талдау.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық зерттеудің мақсаты – қазіргі Қазақстан жастарының рухани құндылықтарының қайта қалыптасу, қызмет ету және өзгеру ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін бірқатар теориялық міндеттерді шешу жолға қойылды:

– арнайы әлеуметтік құрам ретіндегі жастардың құндылықтық таным бағдарының ерекшеліктерін ашу;

– қазіргі жаңғыру және жаһандану үрдістерінің адамның рухани құндылықтарына тигізетін әсерлерінің жалпы сипаттамасын философиялық тұрғыдан талдау;

– адамзат қоға мының саяси-экономикалық өзгерістер жағдайындағы Қазақстан жастарының рухани құндылықтарының динамикалық құбылу бейнесін көрсету;

– бүгінгі таңдағы Қазақстан жастарының құндылықтық бағыттарының этникалық, конфессионалды және гендерлік аспектілерін ашу;

– қазіргі кездегі жас ұрпақтарымыздың танымдық-рухани құндылықтарының жаһандық үндеулер жағдайына бейімделу ерекшеліктерін талдау және келешек беталысты бағдарлау.

Зерттеудің теориялық-әдістемелік базасы және негізгі көздері. Диссертациялық зерттеуде әдіснама ретінде диалектикалық логика және оның нақтылық, тарихилық пен логикалықтың бірлігі, тұтастық пен жүйелілік т.б. принциптері мен синергетикалық тәсіл, философиялық герменевтика мен феноменология, компаративистика мен психоанализ пайдаланылып, мәдени-әлеуметтанулық, тарихи-әлеуметтанулық, саяси философиялық т.б. тұрғылар басшылыққа алынды.

Антропологиялық-аксиологиялық мәселелерде Г. Риккерт, М. Вебер, Д. фон Гильдебранд, Н. фон Гартман, Г.С. Батищев, К.А. Абишев, А.К. Абишева сынды шет елдік және отандық философтардың негізгі тұжырымдамалары қолданылды. Негізгі дереккөз ретінде нарықтық қатынастар мен жаһандандудың мәні мәселелері бойынша толғаған, қоғамның заманауи келбеті туралы сараптаған отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріндегі түйінді идеялары негіз ретінде пайдаланылды.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы. Бұл диссертациялық зерттеу өз кезегінде мынадай жаңалықтарды ұсына алады:

Біріншіден, қазіргі қазақстандық жастардың іргелі және белсенді әлеуметтік топ ретіндегі құндылықтық бағдарының даму беталыстарының ерекшеліктері зерделенді.

Екіншіден, қазіргі кезеңдегі әлемдегі жаңғыру мен жаһандану үрдісінің адами рухани құндылықтарға әсері, сондай-ақ отынымыздың жас буынына ықпалы жан-жақты талданды.

Үшіншіден, қоғамымызды демократияландыру, еліміздің өркениет көшіне ілесу, нарықтық экономикаға көшу, құқықтық мемлекет құру, инновациялық өзгерістерге ену жағдайындағы Қазақстан жастарының рухани құндылықтарының дәстүршілдік пен жаңашылдық аясындағы өзгерістері анықталды.

Төртіншіден, қазіргі кезеңдегі саяси-әлеуметтік және мәдени-экономикалық жағдайларды ескере отыра, Қазақстан жастары руханиятының этникалық және ұлттық аспектілері сарапталды.

Бесіншіден, заманауи өзгерістердің ұлттық мәдениеттің кейбір салаларына тигізетін әсері анықталды және рухани құндылықтар жүйесінің озық үлгілерін құрудың жобалары ұсынылды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар. Диссертациялық зерттеу барысында мынадай жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді.

1. Бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан жаңғыру негативті-позитивті тұрғыдан алғанда екі тарапта өрбіп келеді: жағымсыз – батыстану және америкаландырудың ұлттық құндылықтарға сай келмейтін жақтарының қабылдануы; жағымды – олардың оңды, тиімді, ілгерішіл жақтары мен шығыстық және ұлттық дәстүрлер т.б. Бұл үрдіс «жаңғырылатын» елдерге ғылым мен интеллектуальдік білімді, техника мен технологияны ғана емес, утилитаристік, прагматистік, постмодернистік құндылықтарды да сіңіріп келеді. Қазіргі таңдағы еркін тарап келе жатқан жаһандану мен жаһандық құбылыстарын орнықты ажырату жалпы құндылық бағдарларының игілікті

қырлары мен жағымсыз жақтарын таразылауға мүмкіндік ашатын жағдай. Қазақстандағы жастардың рухани құндылықтар жүйесін тарызылаудың шарты— жаһандану мен жаһандық үрдістерді, одан туындайтын жалпы құндылықтарды сараптаудан бастау алады.

2. КСРО құрылымы қаншалықты жалған немесе уақытша болғанымен де, оның азаматтарының белгілі бір сала бойынша алғанда, өзіндік тұрақты құндылықтық бағыттары болған сыңайлы. Олардың кейбіреуі өткеннен сабақтасқан, жаңартылған, сұрыпталған күйінде идеологиялық алаңда орнықса, қайсібірі өмірлік тәжірибе арқылы қайтадан жасалған болатын. Олардың рухани арналары: ұжымдасу, оптимизм, тұрақтылық, білімді бағалау, отаншылдық т.б. Қазақстан нарыққатынастарға енгеннен кейін еліміздегі құндылықтардың ауысуы да әр түрлі беталыстармен жүрді: бұрынғыны түбегейлі терістеуге ұмтылу, әлемдік өркениеттік игіліктерді ғана мақұлдау, ұлттық құндылықтарды қайта жаңғырту т.б. Бұл үдерістер елімізде құндылықтық бағдары басқаша жастардың легін қалыптастырып келеді, дегенмен, басты екі арна: жағымды дәстүрлі ұлттық және жағымсыз жаһандық адамзаттық құндылықтардың түйісуі бүгінгі күнге дейін жалғасын табу үстінде.

3. Нарықтық өзгерістер мәдениеттің жалпы барлық құрылымдық бөлімшелеріне әсер етсе, сондай-ақ одан этникалық және ұлттық салалар да тыс қала алмады. Нарықтық өзгерістердің әсер еткіш ықпалдары мамандандырылмаған немесе қарапайым бұқаралық мәдениетке де, теориялық санаға да әсер етті. Мәні жағынан нарық пен жаһандық: дәстүрлі әдепті де, жынысты да, жасты да, туыстың қатынастарды да т.б. әлеуметтік құрылымды іріктеп талғамайды, нарықтық экономиканың құндылықтарын басымдыққа шығарады да: руханилықтан гөрі материалдық, этикадан гөрі этикет, тарихылықтан гөрі жаңашылдық маңызды саналады. Қазақстан жастары осындай қиюласқан әр түрлі идеологиялар кеңістігінен құндылықтық бағдарын орнықты түрде анықтау еркіндігіне тап болады.

4. Бүгінгі еліміздің рухани құндылықтық бағдарлары мен саяси-әлеуметтік беталысы алдына мынадай міндет қойып келеді: қазіргі Қазақстан аумағында мекендейтін этностардың мәдениетіндегі барлық үздік деп саналған немесе мәдени игіліктерін жаңғыртып, тәжірибеге енгізуді жолға қою, аккумуляция үрдістері мен мультикультурализмді қалыптастыру, барлық этностар мен барлық халықты біріктіретін бірнәрсені рухани кеңістіктің орнауының іргелі жүйесін құру, жалпы адамзат құндылықтарға бағытталған еуразиялық идеяның қолдау мен өрістетуге, діни конфессия өкілдеріне төзімді қатынастағы полиэтникалық және поликонфессионалды мемлекеттің азаматтарын қалыптастыру, ел бірлігінің қазақстандық және ұлттық үлгісін бітістіру, отаншылдық пен мемлекетіміздің болашақ даму бағдарының жарқын болуын қамтамасыз етуге ұмтылу, ұлттық құндылықтарды қайта түлету және жағымсыз құндылықтардан сақтанудың өзіндік тетіктерін жасау т.б. Қазақстан жастарының осы ұстанымдар аясында қалыптасуының үлгісін жасауды

ғылыми-теориялық негізде сараптау және нәтижелер мен тұжырымдарды нақты ұсыну.

Диссертацияның сыннан өтілуі мен мақұлдануы. Диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны мен нәтижелері шет елдік және отандық ғылыми-практикалық конференцияларда, симпозиумдарда, конгрестерде талқылаудан өткізілді және ғылыми басылымдарда жарық көрді. Оның 11 комитет мақұлдаған журналдарда, 1 балыс-жақыншет елдік басылымдар мен конференцияларда баяндалды.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы. Диссертацияның негізгі қағидалары мен қорытындыларының теориялық маңызы еліміздегі жастарының рухани құндылықтарын мәдениеттанулық, әлеуметтанулық, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан зерттеулер барысында және мәдениет философиясы, тарих философиясы сияқты салаларда одан әрі талқылауға, белгілі бір шешімдер шығаруда қолдануға болатындығы. Ғылыми тәжірибелік жағынан алғанда зерттеу жұмысының нәтижелерін лекция сабақтары мен семинарларда және арнайы курс құрастыруда қолдануға болады. Атап айтқанда, философия, әдениет философиясы, мәдениеттану, дінтану, психология мен әлеуметтану пәндерінде көмекші құрал ретінде пайдалануға болады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасында жастар саясатын үзге асыру барысында да, тақырып бойынша семинар-тренингтер мен мастер кластар жүргізуде де қолдануға негіз бар.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Кіріспе қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және әрбіреуінде үш шағын бөлімі бар екі тараудан тұрады. Бірінші тарау алға қойылған мәселені шешудің теориялық және әдіснамалық аспектілеріне арналады, екінші тарауда қазіргі кезеңдегі жаңғыру мен жаһандану жағдайындағы Қазақстан жастарының рухани құндылықтарының трансформациялануы зерттеледі.